

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 ж. 5 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары
А.С. Көлгіновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Біріншіден, біздің Сіздерге жолдап отырған сауалымыздың артында Қазақстан Республикасының ондаған мың мәдениет саласының қызметкерлері тұр.

Екіншіден, бұл АМАНАТ партиясының сайлауалды бағдарламасына еніп, халыққа берген уәдесі.

Мемлекетіміздің идеологиясын дұрыс жүргізуде және отанымызды алыс-жақын шетелдерге таныстыруда мәдениеттің атқарып жатқан жұмысы аз емес. Республикамыз бойынша елеулі еңбек етіп жатқан 56 театр, 20 филармония, 267 мұражай, 3891 кітапхана бар. Ол аз десеңіз Қазақстан бойынша қаншама мәдениет үйлері және тағы сол сияқты бәрнеше өнер ұжымдары да бар.

Ғ. Мүсірепов «Адам – өнерді қаншалықты жақсы көрсе, соншалықты қорғауға міндетті» - деген насихат сөзі бар.

Өкінішке орай, біз бүгінгі күнде мемлекеттің айнасы болып отырған мәдениет қызметкерлерін мүлдем ескерусіз қалдырудамыз.

Мәдениет саласының қызметкерлері дегеніміз – тек қана сахнада өнер көрсететін тұлғалар емес, солардың жағдайын жасап отырған сахна сыртындағы еңбек адамдары. Олар мемлекетіне шынайы махаббатпен қарап, мәдениетке бар ықыласымен қызмет ететін: сахна техниктері, костюмерлер, гримерлер, жарық түсірушілер, дыбыстаушы деген сияқты мыңдаған адамдар. Жанға бататын бір жайт, бұл аталған қызметкерлер әлі күнге дейін санаты жоғарылап, жалақысы өсіп жатқан ұстаздар, дәрігерлер сияқты мамандар қатарынан де орын алған жоқ.

Қазіргі таңда қай мекемені алсаңыз да мәдениет саласының қызметкерлерінің жалақысы 60 мың теңгеден басталып.

100 мың теңгеге жетер жетпес межеден аса алмай тұр. Еңбекақысының төмендігі білікті мамандардың жұмыстан өз еркімен кетіп, мәдениет ошақтарының жұмысын туралатуға әкеліп соғады.

Құрметті Алтай Сейдірұлы, осы орайда, біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының қосымшасына мәдениет, архив және кітапхана қызметкерлерінің коэффициенттерін өзгертіп, жалақыларын өсірулеріңізді сұраймыз.

Құрметті Алтай Сейдірұлы, Сіз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің отырысында бірлесіп жұмыс жасауға уәде берген едіңіз және де қайта жасақталған министрлер кабинеті АМАНАТ партиясының сайлауалды бағдарламасын толықтай іске асыруға еңбектенетінін хабарлағансыз.

Сол себепті біздің сауалымыз оң шешімін табады деп сенеміз.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес, депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«АМАНАТ»

фракциясының депутаттары

**Р. Зайтов
А. Әлтай
Ю. Кучинская
Н. Сәрсенғалиев
Е. Смышляева
Ж. Сүлейменова
М. Толықбаев
С. Имашева
А. Құспан
Н. Шаталов**